Р.Ж. АБНАСЫРОВА

ИНТЕРФЕРЕНЦИЯ ҚҰБЫЛЫСЫ МАСС-МЕДИА ТІЛІНДЕ

Белгілі ғалым Б. Хасанов: «Қостілділік – белгілі бір территория көлеміндегі ұлтаралық (этносаралық) қарым-қатынасқа түсетін белгілі бір этникалық қауымдастық өкілдерінің, бүкіл қоғамның (социумның) әртүрлі жағдайда екі тілді (әдетте ана тілі мен екінші бір тілді) алма-кезек немесе қатар қолдануы» деген анықтама бере отырып, «егер адам, адамдар тобы, қоғам этникалық белгісіне қарай қанша алуан болса да, екі тілде сөйлесе (жазса, оқыса) ғана қостілді (билингв) болып саналады» [1], – дейді. Ешкім тумысынан қостілді болып тумайды, бұл үрдіс қажеттіліктен туындайды. Қостілділік екі халық арасындағы тіл көпірі. Адам бойындағы екі тілдің үйлесім табуы – өзін-өзі байытудың, дамытудың айқын жолы. Осы үйлесімділік әрқашанда ана тілдің тілдік жүйесін интерференцияға алып барады. Лингвистикада интерференция жалпы қостілді тұлғаның екінші тілдің лингвистикалық элементтерін ойланбай тасуының нәтижесінен ана тілдің дамуына кері әсері ретінде қаралады. Басқаша айтқанда, интерференция құбылысы – тілге өз кері әсерін тигізетін жағымсыз үдеріс. Орыс тілінің қоғамда қазақ тілімен қатар қолданылуы қазақ тілінің ауызекі сөйлеу мәдениетіне өз кері әсерін тигізеді.

Қостілділіктегі кері лексикалық интерференцияны анықтау мақсатымен біз бақылау экспериментін жүргіздік. Бақылау барысында ана тіл екінші тілге (үйренуші тілге) ғана өз әсерін тигізбейді, сонымен қоса, екінші, үйренуші тіл де ана тілге өз ықпалын тигізетіні көрінді. Қысқаша айтқанда, ана тілі қазақ тілі және қазақ тілінде де, екінші тіл орыс тілінде де еркін немесе үйренуші тіл орыс тілінде орташа сөйлей алатын қостілділердің қазақша ауызекі сөйлеу тілде орыс лексикасын өте көп қолданылатыны дәлелденді, кері интерференция жүреді. Біз осы лексикалық интерференцияны, екінші тіл орыс тілінің ықпал етуінің әсерінен қазақ тілінің ауызекі сөйлеу тілінің нормасының бұзылуын екі түрге бөлуді жөн көрдік:

1. Жалпы халық жиі қолданатын ауызекі сөйлеу тіліндегі лексикалық интерференция (Бұл интерференцияның аудармасы бар болғанымен, жалпы халыққа тән, сөйлеу тілінде өз ана тіліндей болып кеткен сөздер);

2. Белгілі бір қостілдінің сөйлеу тілінде сирек қолданылатын лексикалық интерференция;

Бірінші топтағы лексикалық интерференцияға күнделікті ауызекі сөйлеу тілде жиі қолданатын *магазин, холодильник, аптека, врач, зарплата, пробка, ремонт, очки* тәрізді зат есімдер жатады. Мысалы: *«**Магазинге** барып келші», «жақын маңайда **аптека** бар ма», «**холодильникті** өшіре салыңдаршы» «**пешеходты** өткізбесең ГАИ бірден ұстайды», «**справкамды** ұмытып кетіппін», «**тамада** өте жақсы жігіт екен», «**подарка** алуға көмектесші», «**единицам** жоқ»* және т.б.

Белгілі бір қостілдінің сөйлеу тілінде сирек қолданылатын екінші топтағы лексикалық интерференцияға *пылесос, квартплата, обед, праздник, библиотека,* және т.б. зат есімдерді және *точно, нормально, случайно, срочно, прямой, вообще, именно, каждый, просто, уже, всегда* және т.б. да қыстырма сөздерді де жатқызуға болады.

Мысалы *«сендерде **обед** қаншада», «**библиотекаға** барайықшы», «мен **вообще** оқымадым», «**уже** келіп қойдың ба», «маған **срочно** керек», «**конкретно** айтшы барасың ба, бармайсың ба?», «мен Даниярмен **случайно** кездесіп қалдым», «мені жұмысқа **срочно** шақыртып жатыр»* деген сөздерді айналамызда жиі естиміз. Бұл сөздерді бір адамдар қазақша сөйлеу тілде осы қалпында қолданса, кейбірі қазақшасын қолданады.

Енді бір жанұяның отағасы мен отанасының әңгімесін қарап көрейік. Екеуі де университеттерін бітіргеннен бері Алматы қаласында тұрады. Орыс тілін де, өз ана тілдері қазақ тілін де жақсы біледі, отағасы 43 жаста, ал отанасы 40 жаста:

*– Кеше ана **аптекаға** барып көріп едім, дым дұрыс дәрі жоқ. **Вообще аптекаға** ұқсамайды да ғой! **Еще** келіңіз бізде **лекарствалардың** бәрі бар деп қояды*

*– Қай **аптека**? Анау Васялар тұратын **дом** жақта ма?*

*– Иә. **Потом** ол жақтан шығып, анау бір сол Васялардың **домынан** кейінгі **переулок** жақтағы **аптекадан** алдым*

*– Әйтеуір, алсаң болды ғой. **Нормально** ма, бәрін қарап алдың ба? **Срогын** қарадың ба?..*

Отбасындағы екі адамның сөздерінің өзінде де бірнеше кірме элементтерді байқаймыз. Мысалы: *аптека, вообще, еще, лекарства, дом, потом, переулок, нормально, срок.* Қолданылып тұрған бөтен элементтердің бәрінің аудармалары бар: *аптека-дәріхана, вообще-мүлдем, еще-тағы, лекарства-дәрі, дом-үй, потом- содан кейін, сонан соң,*

переулок-тұйық көше, көлденең көше, нормальножақсы (келтірілген мысалда дұрыс па деген мағынада қолданылған), срок-мезгіл, мерзім.

Тағы бір мысал сатушы мен сатып алушы адамның арасындағы әңгіме. Сатушы шамамен 40-41 жасар әйел адам мен сатып алушы 20 жасар қыз бала:

– Тәте, маған бір ***кило морковь*** *өлшеп беріңізші (20 жас)*

– Қандай? Бізде ***Павлодарский красный морковь*** *бар* ***и мытый морковь*** *бар. Қайсысын берейін, қызым? (40-41 жас)*

– Маған мына ***павлодарский морковьтан*** *бере салыңыз. Рахмет!*

– ***Пожалуйста****, қызым*

Бұл шағын әңгімеден де біз бірнеше бөтен сөздерді байқаймыз. Мысалы: *морковь, павлодарский красный морковь, и, мытый морковь, пожалуйста.* Бұл сөздердің қазақ тіліндегі аудармасы *морковь-сәбіз, павлодарский красный морковь – павлодардың қызыл сәбізі, и-және, мытый морковь-жуылған сәбіз, пожалуйста-мархабат (бұл сөзді мархабат деп қолданатын адамдар өте сирек).*

Енді осы интерференцияның масс-медиадағы көрінісін сипаттап кетейік.

Жалпы «**Медиа** (латын тілінен алғанда: жаппай, бұқара +media/medium құрал) ағыл. Mass-media – *Бұқаралық ақпарат құралдарымен* (БАҚ) бірдей: баспасөз, кино, телевизия, бейне және үнтаспалар, үнпарақтар, жарнама, радио, интернет және т.б.» [2]. Медиа – XX ғасыр термині. Алғашқыда бұл термин «бұқаралық мәдениет» феноменін белгілеу үшін қолданылған. Сондықтан да зерттеуші ғалымдар жаңа терминологияны пайдалана отырып, осы терминнің тарихы мен теориясының қайта зерттелуіне мол мүмкіндік ашты. Жаңа феноменнің пайда болуын батыстық Р. Арнхейм, А. Базен, Р. Барт, В. Беньямин, М. Фуно, Ж. Деррида, Ж. Делез, Г. Дебор, Д. Маркузе, М. Маклюэн, т.б. ғалымдар зерттеген.

Бұқаралық коммуникация – әрбір елдің ішіндегі және мемлекет пен халықтар арасындағы ұғымдық қатынастардың дамуына елеулі әсер ететін қазіргі қоғамның маңызды құбылыстарының бірі. Бұқаралық коммуникация қоғамдық тұрмыс, қоғамдық санамен тығыз байланысты болғандықтан, оған әлеуметтік көзқараспен қарау тиімді.

Коммуникация дегеніміз – екі немесе одан көп адамдардың қатынасуымен болатын процесс, қатысушылардың бір-бірімен өзара қатынасы және өзара әсері, өзара қызметі [3].

Бақылау теледидардағы «Қазақстан» телеарнасындағы «Екі жұлдыз» мега жобасынан жүргізілді. Бұл бағдарлама тұңғыш рет 2009 жылдың 26 қыркүйегінен басталып желтоқсан айына дейін өткізілді. Әр сенбі сайын 20:35 және 23:05 арасында болатын «Екі жұлдыз» жобасына біздің қазақстандық шоу бизнес жұлдыздары, саясаткерлер, спортшылар және т.б. қатысады. Тележоба бойынша бақылауда бірнеше қостілділердің ауызекі сөйлеу тіліндегі интерференцияның қолданылғаны көрінді.

Американдық «шоу» термині неміс тілінде ән айту, билеу деген ұғымдарды білдірсе, орыс тілінде «әңгіме», «пікірталас» және «көрініс», «спектакль» сияқты сөздерге аударылады. Ток-шоулық бағдарламалардың құрамында осы аталған элементтердің барлығы қамтылады. М.К.Барманқұлов [4] өз еңбегінде «ток-шоу» жанрына ауызша теледидарлық бағдарлама деген анықтама береді.

Ток-шоу бағдарламаларын лингвистикалық тұрғыда мынадай аспектілер арқылы зерттеуге болады: а) теледидарлық диалог шеңберінде коммуникацияның жасалуының шынайылығын анықтау; ә) сөйлеу актілерін талдау; б) басқа елдердің ток-шоулық бағдарламасымен салыстырмалы түрде зерттеу; в) жүргізушілердің, кейіпкерлердің тілін қарастыру т.б.

Біздің бақылауымыз төртінші аспект, яғни жүргізушілердің, кейіпкерлердің тілін қарастыру болып табылады.

Ток-шоу көбінесе диалогқа құрылады. Осы диалогқа құрылған ауызекі сөйлеу тілде кездескен интерференцияны қолданушы адамдар – өз ана тілдері қазақ тілін де ресми тіл орыс тілін де өте жақсы меңгерушілер және әртүрлі жастағылар. Бұл қостілділер алдын ала дайындалмаған, жағдаятқа сәйкес бірден жауап береді. Мысалы:

– Мені ***подводить*** *етпейін деп Ғани ағa барын салып дайындалып жүр (Т.Забирова, әнші)*

Бұл сөйлемде *подводить етпейін деп* деген тіркесті байқауға болады. Біз бұл интерференцияны синтаксистік интерференцияға енгіздік. Орыс тілінің *подводить* етістігіне қазақ тіліндегі *ет* көмекші етістігі тіркесіп тұр. *Подводить* сөзінің қазақ тіліндегі аудармасы – қолайсыздыққа ұшырату [5]. Сонда жоғарыда келтірілген мысалымызды *Мені* ***қолайсыздыққа ұшыратпайын*** *деп Ғани ағa барын салып дайындалып жүр немесе Мені* ***қолайсыз жағдайға ұшыратпайын деп*** *Ғани ағa барын салып дайындалып жүр* деп айтуға болады.

– Бұрын Ресейлік бағдарламаларды көріп отырғанда неге жылайды екен, ***это же шоу*** *деп ойлайтын едім. Шын мәнінде қимайды екенсің (С.Майгазиев, әнші).*

Бұл келтірілген мысалда *это же шоу* деген синтаксистік интерференцияны байқаймыз. *Шоу*

сөзі ешқандай сөздікте жазылмаған. Бірақ негізгі сөйлемде беріп тұрған мағынасы *жай ғана сахналық көрініс қой, ойын ғой* деген мағынада. Бұл жерде *Бұрын Ресейлік бағдарламаларды көріп отырғанда неге жылайды екен,* ***бұл жай ғана шоу ғой*** *деп ойлайтын едім* деп айтуға да болады.

– Негізінен, ***вообще*** *шынын айтқанда екеуінің номері маған қатты ұнады (А.Рүстемов, Жүргенов ат. өнер институтының ректоры)*

Бұл сөйлемде қазіргі ауызекі сөйлеу тілінде жиі кездесетін *вообще* сөзі қолданылған. *Вообще* сөздікте «1. жалпы алғанда, жалпы айтқанда; 2. әрқашан, әрдайым, қашан да болса; 3. жалпы, тіпті, дұрысын (шынын) айтқанда» деп аударылған [6]. Бұл сөйлемді сонда *Негізінен,* ***жалпы*** *шынын айтқанда екеуінің номері маған қатты ұнады* деп айтқан дұрыс.

– Әрбір өлеңде әртүрлі ***образ*** *жасауға тырысып жүрміз (Л.Кәденова, актриса)*

Бұл жерде *образ* сөзін байқауымызға болады. Ал *образ* сөзіне тоқталатын болсақ қазақ тіліндегі аудармасы *– бейне, өң, тұрпат* [5]. Айтылған сөйлемдегі *образ* сөзіне аудармадағы *бейне* баламасы дәл келеді . Сонда бұл сөйлемді *Әрбір өлеңде әртүрлі* ***бейне*** *жасауға тырысып жүрміз* деп қолданғанымыз өте орынды.

– Мая ***по секрету*** *айтайын саған дайындық аз болып қалды (Б.Тұрсынбеков, әртіс),* – деген сөйдемімізде *по секрету* деген бөтен элементті байқаймыз. *Секрет* сөзінің аудармасы *– құпия, жасырын, сыр* [6]. Ал *по* дегеніміз орыс тіліндегі сөздердің алдынан келетін көмекші сөз. Сонда бұл сөйлемді *Мая* ***құпия түрде*** *айтайын саған дайындық аз болып қалды* деп аударсақ сөйлемнің мағынасы еш өзгермейді.

– Әділқазылар алқасы біздің ***пляжға*** *барып көрмегенімізді біліп қойды. Бірақ осы жобаның арқасында* ***пляжға*** *да, басқаға да барып жатырмыз. Жобаға рахмет! (Б.Тұрсынбеков, әртіс)*

Ал бұл қолданылған сөйлемдегі бөтен элемент *– пляж. Пляж* сөзінің қазақ тіліндегі аудармасы *– жағажай* (суға түсуге бейімделген, шомылуға, күнге қыздырынуға қолайлы жер, құмды тайыз жаға) [6]. Сонда бұл сөйлемдегі *пляж* сөзіне *жағажай* аудармасын қойып *Әділқазылар алқасы біздің* ***жағажайға*** *барып көрмегенімізді біліп қойды деп* қайта қарасақ сөйлемнің мағынасы сол күйінде қалады.

– ***Только романтикадан*** *құралған өлең екен (Б.Ибрагимов, әртіс)*

Бұл айтылған сөйлемде *только* және *романтика* деген екі орысша сөз қолданылып айтылып тұр. *Только* сөзінің баламасы сөздікте «тек, тек қана, *разг.* өңкей, өңшең» [5] деп жазылған. Ал *романтика* сөзі қазақ тілінде де *романтика* болып қолданылады. «Романтика. Асқақ арман, тәтті қиял. Жаны романтикаға толы адам» [7]. Сонда жоғарыдағы сөйлем ***Тек қана романтикадан*** *құралған өлең екен деп айтылады.*

- *Жай ән айтқан бөлек екен да,* ***сценаға*** *шығып* ***выступать*** *еткен мүлдем бөлек нәрсе екен (Т.Бердіоңғаров, депутат)*

Бұл сөйлемде де екі бөлек элемент байқалады: *сцена* және *выступать ету.*

Сцена сөзінің аудармасы сахна, көрініс [5]. Ал *выступать* сөзінің аудармасы «4. (публично) өлең айту, сөз сөйлеу, орындау; выступить на сцене сахнаға шығу» [6]. Енді сөйлемді таза қазақ тілінде *Жай ән айтқан бөлек екен да,* ***сахнаға*** *шығып* ***ән айту*** *мүлдем бөлек нәрсе екен (Т.Бердіоңғаров, депутат)* деп қолданғанымыз өте орынды.

– Біз жанымда отырған сіңлім екеуміз керемет ***пара*** *екенімізді біліміз және сенеміз (Л.Кәденова)*

Бұл сөйлемдегі бөтен элемент *пара* сөзі де жиі айтылатын сөздердің бірі. *Пара* сөзінің аудармасы – қос, жұп, екі [5]. Ал жоғарыда келтірілген мысалымыздағы *пара* сөзіне жұп сөзі дәл аударма бола алады.

– Біз жанымда отырған сіңлім екеуміз керемет ***жұп*** *екенімізді біліміз және сенеміз.*

– Например, маған Лайланың өлең айтқаны ұнады // Жақсы, бірақ почему-то маған алдыңғы айтқан өлеңі ұнаған еді (Е. Хасанғалиев, әнші)

Бірінші сөйлемде қолданылып отырған *например* сөзінің аудармасы *– мысалы.* Ал екінші сөйлемдегі *почему-то* сөзінің қазақ тіліндегі аудармасы сөздікте *бір себептен* деп аударылыпты [5]. Ал жоғарыдағы сөйлемде айталған *почему-то* сөзі *неге екені белгісіз* деген мағынада қолданылып тұр. Мысалдарға қазақ тіліндегі баламаларын қойып қайта қарайтын болсақ, *Мысалы, маған Лайланың өлең айтқаны ұнады // Жақсы, бірақ неге екені белгісіз маған алдыңғы айтқан өлеңі ұнаған еді* деген мағыналары еш өзгермеген сөйлемдер пайда болады.

Жоғарыда келтірілген қазақша жүргізілген тікелей эфирден алынған мысалдарда кездесіп отырған орыс сөздерінің бәрінің нақты аудармалары бар, бірақ біздің белгілі адамдарымыз сахнада сөйлеу кезінде де осы элементтерді қолданатыны белгілі болды.

Бақылау барысында байқағанымыздай, қазақша ауызекі сөйлеу барысында қостілді адамдардың көбі барлық жағдайда да орыс тілінің кейбір сөздерін қосып қолданады. Бұл сөздерді қолданудың бірнеше себептері бар: *біріншіден,* қоғамға байланысты көп ұлтты ел болғандықтан,

қазіргі кезде күнделікті қарым-қатынаста орыс тілі мен қазақ тілі аралас қолданылады; *екіншіден,* кей сөздердің аудармалары нақты еместігінен (мысалы: *пешеход, шампунь, перегар*, ...); *үшіншіден,* студент жастарымыз ауылдан енді келгендіктен өздерінің ауылдан келгенін білдірмес үшін қалалық екенін көрсету мақсатымен тілді қатты шұбарлап сөйлей береді; *төртіншіден,* кейбір орыс тіліндегі сөздер өте ертеден қолданылып келе жатқандықтан әдетке айналып кеткен (мысалы: *телевизор, бензин, шашлык, пиво, самолет, магазин, зонтик, очки,* т.б.).

ӘДЕБИЕТ

1. *Хасанов Б.* Ана тілі-ата мұра (қазақ тілінің жер жүзі тілдері жүйесіндегі алатын орны). Алматы: Жазушы, 1992. 272.

2. *Сулейменова Э.Д.* и др. Словарь социолингвистических терминов. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. Алматы, 2008.

3. *Машинбаева Г.А.* Теледидар тілінің лингвопрагматикалық аспектілері. Ф.ғ.к. ...дис. Алматы, 2007.

4. *Барманқұлов М.К.* Жанры печати радиовещания и телевидения. Алматы, 1974. 127с.

5. *Исмағұлова Б.* Қазақша-орысша сөздік. Алматы, 2002.

6. Орысша-қазақша сөздік, 1,2-том. Алматы, 1978.

7. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 1999.

Резюме

Интерференция – процесс бессознательного воздействия одного из языков *Билингва* на другой язык, а также результат этого воздействия. В казахском языке интерференция больше встречаются в лексической степени. В данной статье рассматривается лексические интерференции в масс-медии, которые встречаются в казахской-русской двуязычии.

Summary

Interference – the process of unconsciouse influence of one language of Biolingual to another one and the result of of this impact. In Kazakh language interferense mostly occur in lexical level. This article discusses the lexical interference in colloquial speech, which are found in the Kazakh-Russian bilingualizm.